Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық POLARIS ет тартқышының, моделі **PMG 2027L** (бұдан әрі мәтін бойынша – ет тартқыш, аспап) техникалық деректерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысуға арналған.

## ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін арналған.
- Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін тағайындалмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

## ЖИЫНТЫҚТАМА

- Аспап
- Қондырмалар жиынтығы
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Кепілдік талоны

## БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ

Электрлік ет тартқыш еттен турама дайындауға арналған.



# ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

- Аспапты ашыңыз және оның барлық құрастыру бірліктері зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Жеткізілім жиынтығын тексеріңіз («Жиынтықтылау» бөлімін қараңыз).
- Бірінші қолданар алдында ет тартқыш корпусынан барлық жапсырмаларды алып тастаңыз, жұмсақ дымқыл матамен сүртіңіз, саптамаларды жылы су ағынымен жуыңыз.
- Пышақтың және торлардың жұмыс беттеріне азғантай мөлшердегі өсімдік майын жағыңыз.



**Назар аударыңыз!** Пышақ жүздері өте өткір.



Корпусан барлық жапсырмаларды алып тастаңыз және ылғал матамен сүртіп алыңыз



Барлық қондырмаларды жылы су ағысымен жуып-шайыңыз



Пышақтың және торлардың бетіне өсімдік майын жағыңыз





## ЖҰМЫС ТӘРТІБІ



**Ет тартқышты жинар алдында жарақатқа жол бермеу үшін аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.**

**А. Ет тартқышты жинаңыз:**

1. Ет тартқыштың корпусын ұстап тұрып, алынбалы жұмыс блогының бос корпусын (шнексіз, пышақсыз, торсыз және гайкасыз) корпустағы ұяшыққа 45 ° бұрышпен енгізіңіз.
2. Жұмыс блогын солға қарай сағат тілі бағытына қарсы бұрап, бекітіңіз.
3. Иірмекті алмалы жұмыс блогына орнатыңыз
4. Иірмекке айқара тәрізді пышақты кесетін жиегін сыртқа қаратып кигізіңіз, әйтпесе ет тартқыш жұмыс істемейтін болады.
5. Пышақтан кейін иірмекке қажетті өлшемдегі (3/5/7мм) торды кигізіңіз. Жиектегі шығыңқы тор көртпелерімен беттесетініне көз жеткізіңіз.
6. Сақиналы сомынды, қатты тартпай, орнатыңыз және бұраңыз.
7. Алмалы астауды алмалы жұмыс блогының тиеу қылтасына орнатыңыз және оны бекітіңіз.
8. Ет тартқышты тегіс қатты таза бетке қойыңыз.



### Назар аударыңыз!



**Жұмыс кезінде аспаптың корпусындағы желдеткіш тесігін ЖАППАҢЫЗ және оны жұмсақ бетке қоймаңыз, бұл мотордың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.**

9. Етті турауға дайындаңыз. Сүйектерді, сіңірлерді, қатты шеміршектерді алып тастаңыз.
- Етті жұмыс блогтың қылтасынан еркін өтетіндей кішкентай кесектерге (шамамен 2x2x6 см) тураңыз.



**Назар аударыңыз!**  
**Тоңазытылған етті толық ерітіп алу керек.**

10. Астауға ет кесектерін салыңыз және турамаға арналған ыдысты қойыңыз.
11. Ет тартқышты электр желісіне қосыңыз және, «ҚОС./СӨНД./РЕВЕРС» («ON/OFF/REV») ауыстырып-қосқышын ON жайғасымына ауыстырып, оны іске қосыңыз.
12. Етті біртіндеп итере отырып, ет тартқыштан өткізіп алыңыз. Кейбір тағамдарды дайындау үшін етті бірнеше рет айналдыруға болады.
- Етті итеру үшін тек қана итергішті пайдаланыңыз.





**Назар аударыңыз!** Ешқашан етті қолмен немесе бөгде заттармен итермеңіз.

13. Ет тартқышта ешқашан зімбірді және қатты талшықтары бар басқа өнімдерді өңдемеңіз. Ет тартқышта олар ұсақтап тартылмайды. Кептірілген жемістер мен тамырсабақтарды алдын ала жібітіп алыңыз.
14. Жұмыс аяқталғаннан кейін, «ҚОС./СӨНД./РЕВЕРС» («ON/OFF/REV») ауыстырып-қосқышты OFF жайғасымына ауыстырып, аспапты, электр желісінен ажыратып, сөндіріңіз.



**Назар аударыңыз!** Егер ет тартқыш жұмыс істемесе, желіге қосылудың дұрыстығын тексеріңіз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Аспаптың үздіксіз жұмыс істеуінің ұсынылған уақыты 5 минуттан аспауы тиіс. Жұмыс істеудің әрбір 5 минутынан кейін электр қозғалтқышты суыту үшін 10 минут үзіліс қажет. «Жұмыс істеу-суу» циклдердің 1 сеанс ішіндегі максималды саны – 4. Осы аспаптың өнімділігін есепке алғанда бұл уақытта 15 кг дейін өнімді қайта өңдеуге болады. 4 цикл аяқталғаннан кейін аспапты бөлме температурасына дейін суығаны үшін іске қосылған күйде 1,5 сағат бойы қалдыру ұсынылады.

## ЕГЕР ЕТ ТАРТҚЫШ БІТЕЛІП ҚАЛСА

1. Егер ет тартқышы жұмыс істеп тұрған кезде ет бітеліп қалса, оны дереу сөндіріңіз, және, электр желісінен ажыратпай, «ҚОС./СӨНД/РЕВЕРС» («ON/OFF/REV») ауыстырып-қосқышты REV жайғасымына ауыстырып, кері жүріс функциясын іске қосыңыз, және оны осы позицияда ұстау.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

Кері жүріс функциясын іске қосар алдында мотордың толық тоқтағанын күтіңіз. Аспап жұмыс істеп тұрған кезде РЕВЕРС функциясын іске қосу қатты шудың, дірілдің және аспаптың ішінде электр ұшқындардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

2. Иірмек, ет тартқыш жұмысын қиындататын сіңірлерден тазаланып, кері бағытта айналатын болады. Бітелуді жойғаннан кейін жұмысты жалғастыруға болады.
3. Егер бұл функция көмектеспесе, құрылғыны желіден ажыратыңыз, жұмыс блогын бөлшектеніңіз және оны қолмен тазалаңыз.

**Назар аударыңыз!**


Бітеліп қалуды болдырмау үшін ет тартқышты өнімдермен аса қатты жүктемеңіз.

4. Ет тартқыш механизмінің кептелуіне жол бермеу үшін итергішке қатты баспаңыз.






1  
Егер ет бітеліп қалса –  
ет тартқышты сөндіріңіз  
Сөнд. (OFF)



2  
Кері жүріс функциясын  
(REV) іске қосыңыз



3  
«ON/OFF/REV»  
ауыстырып-қосқышын  
REV жайғасымына  
ауыстырыңыз



4  
Егер көмектеспесе -  
желіден ажыратыңыз,  
бөлшектеңіз және  
қолмен тазалаңыз

## АРТЫҚ ЖҮКТЕЛУДЕН ҚОРҒАУ

Ет тартқыш қозғалтқышты артық жүктелуден қорғау жүйесімен жабдықталған, ол аспаптың тым ұзақ үзіліссіз жұмыс істеуінен, иірмектің қндірілетін аса шандырлы және қатты азық-түлікпен бұғатталуынан болған электр қозғалтқыш пен редуктордың артық жүктелуінен аспапты сөндіреді, бірақ пайдалану ережелерін бұзғанда аспап компоненттерінің сынып қалудан 100% қорғалуына кепіл бермейді.

Артық жүктелуден қорғанысы іске қосылғанға дейін аспаптың пайдаланылуына жол бермеңіз.

Егер жұмыс істегенде автоматты сөндіру функциясы іске қосылған болса, аспапты желіден ажыратып, оған ТОЛЫҚ сууға уақыт беріңіз.

Электр қозғалтқыштың температурасы рұқсат етілген деңгейге дейін төмендегеннен кейін аспапты іске қайта қосуға болады.



1  
Авто ОТКЛ.  
Аспапты желіден  
ажыратыңыз және оған  
толығымен сууға  
мүмкіндік беріңіз



2  
«ON/OFF/REV»  
ауыстырып-қосқышын  
Сөнд. жайғасымына  
ауыстырыңыз.



3  
Жұмыс блогын  
бөлшектеңіз және  
иірмекті өнім  
қалдықтарынан  
тазалаңыз



4  
Аспапқа ТОЛЫҚ сууға  
мүмкіндік беріңіз



5  
Аспапты желіге  
қосыңыз және ет  
тартқышты қайталап  
іске қосыңыз



6  
Ауыстырып-қосқышты  
Қос. (ON) жайғасымына  
ауыстырыңыз


# КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕРДІ ТУРАУ ЖӘНЕ МАЙДАЛАП ТУРАУ

Көкөніс турағыш қондырма азық-түлік өнімдерді ұнтақтауға арналған қосымша айлабұйым ретінде пайдаланылады.

Ірі және ұсақ үккіш ірімшікті, сәбізді, балдыркөкті, піскен қызылшаны және т. б. ұнтақтауға арналған.

Майдалап турауға арналған үккіш көкөністерді тілімшелеп турау үшін керек.

1. Көкөніс турағыш қондырманы ет тартқыштың жұмыс блогын сияқты орнатыңыз.
2. Сізге қажетті үккішті таңдаңыз және көкөніс турағыш корпусының ішіне орнатыңыз, үккіш негізіндегі пішімді тесікті көкөніс турағыштың жетекші білігінің оймакілтелерімен қиыстырыңыз.
3. Ірі өнімдерді неғұрлым ұсақ кесектерге тураңыз.
4. Ет тартқышты электр желісіне қосыңыз және оны іске қосыңыз. Ауыстырып-қосқыш (ON) жайғасымда.
5. Азық-түлікті итеру үшін тек қана көкөніс итергіш жиынтығына кіретін итергішті пайдаланыңыз.
6. Ешқашан азық-түлікті қолмен итермеңіз.



Көкөніс турағыш қондырманы ет тартқыштың жұмыс блогын сияқты орнатыңыз



Корпусың ішіне, тесіктерді дұрыс қиыстырып, қажетті үккішті орнатыңыз



Ірі өнімдерді неғұрлым ұсақ кесектерге тураңыз



Ет тартқышты электр желісіне қосыңыз және оны "ON" батырмасымен іске қосыңыз




Іске қосу үшін "ON" батырмасын басыңыз



Азық-түлікті итеру үшін тек қана көкөніс итергіш жиынтығына кіретін итергішті пайдаланыңыз



Ешқашан азық-түлікті қолмен итермеңіз




Не давите слишком сильно

Сынып қалмауы үшін итергішке артық күш салмаңыз

# ТАЗАЛУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

- Аспапты сөндіріңіз. Қозғалтқыш толық тоқтағанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты желіден ажыратыңыз.
- Ет тартқышты құрастыруға кері тәртіппен бөлшектеңіз.
- Өнімдердің қалдықтарын алып тастаңыз. Азық-үлікпен жанасатын бөлшектерді жылы сабынды сумен жуыңыз және бірден мұқият кептіріңіз. Ет тартқыштың корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз.
- **Ет тартқыштың бөлшектеріне күтім жасау үшін ыдыс жуатын машиналарды және қатты сілтілер негізіндегі құралдарды пайдалануға тыйым салынады.**
- Қажақ, құрамында хлор бар заттарды және органикалық еріткіштерді қолданбаңыз.
- Ет тартқыштың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіп алыңыз.
- Таза және кептірілген пышақ пен торларды өсімдік май сіңген майлықпен сүртіп алыңыз.
- Аспапты жинаңыз және сақтау үшін құрғақ жерге орналастырыңыз.
- Аспапты тек қана зауыттық қаптамада тасымалдаңыз.
- Аспапты балалар мен шектеулі мүмкіндіктері бар адамдардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.



Аспапты желіден ажыратыңыз және оған толығымен сууға мүмкіндік беріңіз



Ауыстырып-қосқышты Сөнд. (OFF) жайғасымға ауыстырыңыз



Ет тартқышты құрастыруға кері тәртіппен бөлшектеңіз, тамақ қалдықтарын алып тастаңыз



Азық-үлікпен жанасатын бөлшектерді жылы сабынды сумен жуыңыз



Ет тартқыштың корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз



Ыдыс жуу машиналарын пайдалануға тыйым салынады



Ет тартқыштың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіп алыңыз



Пышақ пен торларды өсімдік майы тамызылған сулықпен сүртіп алыңыз

Ет тартқыштың сапасы, жұмыс істеу жылдамдығы және ұзақ мерзім жұмыс істеуі жұмыс пышақтар мен торлардың қайралуына байланысты. Бұл ретте мерзімді түрде олардың үшкірлігін, мысалы, мамандырылған шеберханаға немесе сервистік орталыққа жүгініп, тексеріп отыру керек.

Ешбір жағдайда жұмыс жиектері бүлінген, тат басқан немесе ластанған торлар мен пышақтарды пайдаланбаңыз. Аспап жеткізілімі жиынтығына кірмейтін және өндіруші пайдалануға рұқсат бермеген аксессуарларды пайдаланбаңыз.



**Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.**

## ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Аспаптардың тасымалдануын осы түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау және механикаландырылған тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес жабық көлік құралдарында көліктің барлық түрлерімен жүргізеді.

Құрылғыларды тасымалдау кезінде зақымданудан қорғаныс - өнімнің сапасы мен тұтынушылық тараның сыртқы көрінісі қамтамасыз етілуі керек.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Аспаптар жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары болмағанда және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

## ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕЖН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады.

# АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақаулық	Ықтимал себептер	Жою тәсілдері
➤ Электр желісіне қосқанда ет тартқыш жұмыс істемейді	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Розетка ақаулы.</li> <li>✓ Қуат беру баусымы зақымдалған.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Розеткадағы кернеуді, оған басқа аспапты қосып, тексеріңіз.</li> <li>2. Тек қана жөндеу шеберханаларының мамандарымен жойылады.</li> </ol>
➤ Жұмыс істеп тұрғанда ет тартқыш кенет сөніп қалды	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Артық жүктелу кезінде автоматты түрде сөндірілу функциясы іске қосылды.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аспапты розеткадан ажыратыңыз және оған 60 минут ішінде толық сууға мүмкіндік беріңіз.</li> <li>2. Сондай-ақ, жұмыс блогын бөлшектеңіз және иірмекті өнім қалдықтарынан тазалаңыз.</li> <li>3. Аспапты желіге қосыңыз және, ауыстырып қосқышты Қос. (ON) жайғасымына ауыстырып, ет тартқышты қайта іске қосыңыз.</li> </ol>
➤ Жұмыс кезінде ет тартқыш бітеліп қалды	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Тағамдар тым ірі түралған.</li> <li>✓ Ет аса сіңірлі.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ет тартқышты қосыңыз және кері жүрістің «реверс» (REV) функциясын пайдаланыңыз.</li> </ol>
➤ Жұмыс кезінде бөгде иіс пайда болды	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Аспап қызып кетті.</li> <li>✓ Жаңа аспаптарда қозғалтқыш бөлшектері іске кіріскен кезде иіс болуы мүмкін.</li> </ul>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аспаптың үзіліссіз жұмыс уақытын қысқартыңыз. Іске қосылулар арасындағы аралықтарды көбейтіңіз.</li> <li>2. Аспапты пайдаланғанға орай иіс кететін болады.</li> </ol>



## Назар аударыңыз!

Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, ең жақын орналасқан POLARIS Авторизацияланған сервистік орталығына жүгінуіңізді сұраймыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PMG 2027L** – Polaris сауда маркасының электрлік тұрмыстық ет тартқышы.

Кернеуі: 220-240В

Жиілігі: ~ 50 Гц

Номинал қауаты: 180 Вт

Максималды қуаты: 2000 Вт

Үзіліссіз жұмыс істеу уақыты: 3 мин.

Қорғау санаты - II



**Ескерту:** өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

# ЭЛЕКТРЛІК ЕТ ТАРТҚЫШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Ет тартқышты тек қана жұмсақ, жібітілген өнімдерді өңдеу үшін пайдаланыңыз: сүйексіз ет, сүйексіз көкөністер мен жемістер. Сүйектерді және қабықтағы жаңғақтар мен шекілдеуіктер сияқты басқа қатты азық-түлікті ешқашан ұнтақтамаңыз. Тамырсабақтарды ұнтақтар алдында ірі емес кесектеп турау және суға кем дегенде 10 сағатқа салып қою керек.
- Аспапты жұмыс кезінде қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Тазалаған кезде пышақтарды алғанда сақ болыңыз.
- Аспаптың қозғалатын бөліктеріне қол тигізбеңіз.
- Аспапты тазалар алдында немесе ол пайдаланылмайтын болса электр желісінен ажыратып қойыңыз.
- Ешқашан азық-түлікті қолмен немесе бөгде заттармен итермеңіз. Тек қана итергішті пайдаланыңыз.
- Жараққа жол бермеу үшін ұзын шаш, мойынорағыш, галстук немесе басқа заттар астаудың, тордың, қондырмалардың, ет тартқыш корпусының үстінде салбырауына жол бермеңіз.
- Аспапты балаларға және шектеулі денелік мүмкіндіктері бар адамдарға қадағалаусыз пайдалануға рұқсат бермеңіз.
- Ақаулы аспапты ешқашан пайдаланбаңыз.
- Ет тартқышты тек қана түпнұсқалы керек-жарақтармен пайдаланыңыз. Аспап жеткізілімі жиынтықтамасына кірмейтін аксессуарлар мен қондырмаларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Аспапты азық-түлікпен артық жүктемеңіз және итергішке едәуір күш салмаңыз
- Бұл аспап ұзақ уақыт жұмыс істеуге арналмаған. Ет тартқышты үзіліссіз пайдалану 5 минуттан артық емес және мотордың суығаны үшін кейінгіде 10-минуттық үзіліспен жүргізілуі тиіс.
- Осы аспапта қатты қызып кетуден кіріктірілген қорғанысы бар. Артық жүктеу кезінде автоматты түрде сөндіру орын алған жағдайда дереу:
  - айырды электр желісі розеткасынан суырып шығару
  - қайталап аядаланар алдында аспапқа кем дегенде 60 мин ішінде толық сууға уақыт беру керек.
- Ет тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде корпустағы желдеткіш тесіктерді бүркемеңіз және ет тартқышты жұмсақ бетке орнатпаңыз.
- Ет тартқыштың желдеткіш тесіктеріне және жұмыс блогының жалғастырғыш торапына сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін құрылғыны бөлшектеуге кірісер алдында аспап сөндірілгеніне, электр желісінен ажыратылғанына және қозғалтқыш толық тоқтағанына көз жеткізіңіз.
- Тасымалдаған кезде құрылғыны екі қолмен ұстау керек. Аспапты алмалы астаудан немесе алмалы жұмыс блогынан ұстап тасымалдауға тырыспаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған ет тартқышты жылжитпаңыз.
- Ет тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тиеу астауды алмаңыз және орнатпаңыз.
- Ет тартқышқа тазалауды әр пайдаланудан кейін жүргізіңіз.

# ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ТЕХНИКАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕ





- Құралдың пайдаланылуы «Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрал тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Құралды коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Аспап нұсқаулыққа сәйкес мақсаты бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Аспапты іске қосар әр кезде оны қарап тексеріп шығыңыз. Аспап немесе желілік баусымда зақымданулар бар болғанда аспапты ешбір жағдайда розеткаға қоспаңыз.
- Егер аспап еденге құлаған болса, оны пайдаланбаңыз.
- Егер сіз аспаптың жұмысқа жарамдылығына сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Бұл құрал денелік, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Аспапты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



**Назар аударыңыз!** Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сүмен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз. Аспап суға құлаған жағдайда оны дереу желіден жарытаңыз. Бұл ретте қолдарыңыз ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында ол білікті маманмен тексерілуі керек.

- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тура күн сәулелерінен, ылғалдан (ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз), үшкір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Аспапқа дымқыл қолыңызды тигізбеңіз. Аспап суланған жағдайда оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында желінің параметрлері аспап сипаттамасында белгіленгендерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Пайдалану аяқталғаннан кейін, айлабұйымдарды орнату немесе шешу, тазалау немесе аспап сынған кезінде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Аспапты желіге қосар алдында жылдамдықтар режимін ауыстырып-қосқышы «OFF» жайғасымана орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Желінің артық жүктелуіне жол бермеңіз, бұл жазатайым оқиғаларға және аспаптың бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл үшін дәл сол электрлік розеткаға жалғастырғыш тетікті пайдаланумен басқа аспаптарды қоспаңыз. Ұзартқышты пайдаланар алдында ол бұзылмағанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Электр тоғынан соққы алуға жол бермеу үшін аспапты қосқанда немесе сөндіргенде желілік баусым айырының металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.

- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін аспапты өздігіңізден бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.



## СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Үәкілетті өкілінен ала аласыз.





**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:** 3 жыл

**Кепілдік мерзімі:** 24 ай

**Құралдың өндіріліп шығарылған айы мен жылы туралы ақпараты құралдың сыртында көрсетілген**

**Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес**

**Өндіруші:**

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД  
1801 Блогі, 18/Ғ, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг  
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

**Қытайда жасалған.**

**Импорттаушы:**

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме.

**Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:**

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

## КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым: Электрлік ет тартқыш**

**Моделі: PMG 2027L**

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
  - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;

- Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
  - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
  - Бұйымға вторизацияланған сервис орталықтары\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар жүргізген жөндеулер;
  - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымданулары.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
  5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS Авторизацияланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\*Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін. Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.



